

№9 (501)
30 қыркүйек
2024 жыл

Zhubanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

ЖАС ЖҰБАНОВШЫ

Ислам Жеңісұлы
Педагогика және білім берудегі менеджмент
факультетінің «Психология» мамандығының
2 курс студенті, оқу озаты.

— Zhubanov University студенті болу мен үшін —
жоғары дәреже. Болашақ мамандықты игере
жүріп, сүйікті істермен айналысуға бар жағдай
жасалған. Оқуға да, шығармашылығымды
шыңдауға да, қоғамдық жұмыстарды
атқаруға да үлгеріп жатырмын.

ПАРАСАТ БИІГІНДЕГІ ТҰЛҒА

4-5 БЕТТЕР

УНИВЕРСИТЕТ
БЕРІП ЖАТҚАН
БІЛІМ
ӘЛЕМДЕГІ
80%
ХАЛЫҚҚА
ҚОЛЖЕТІМСІЗ

10-11 БЕТТЕР

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ,
САПАЛЫ МАМАНДАРДЫ
ДАЯРЛАУ
БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ
БОЛЫП ҚАЛА БЕРМЕК

12 БЕТ

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

ТАЛАПТЫ ЖАСТАР

Zhubanov University жаңа оқу жылында 1-курсқа 3700 студент қабылдады.

Бұл туралы университет ректоры Лаура Қарабасова әлеуметтік парақшасында Білім күні мерекесіне орай өз құттықтауында жазды.

"Университетке түсудің шектік балын көтерсек те, талапты жастардың Жұбанов университетін таңдауға деген ұмтылысы қуантады.

Көршілес Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда облыстарынан бөлек Түркістан, Жетісу, Ақмола, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы, Астана қалаларынан келген студенттерімізге қош келдіңіздер дейміз. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында ашылған Heriot Watt кампусы талантты жастар үшін өңірге тартылыс орталығына айналды.

Білім күні мерекесінде студенттерімізге еңбекқорлық, табандылық тілей отырып,

оқу орнының жыл сайын білім алушыларының географиялық картасы де кеңейіп келеді. Биыл 9 елден 60-тан астам шетелдік талапкер грант және ақылы негізде Жұбанов университетінің студенті атанды. Оның ішінде Кения, Гана, Үндістан елдерінің азаматтары бар", — деді Л.Мясникова.

ЦЕЛЕУСТРЕМЛЕННАЯ МОЛОДЕЖЬ

В новом учебном году Zhubanov University принял на 1 курс 3700 студентов.

Об этом в своем поздравлении с Днем знаний написала ректор университета Лаура Карабасова на странице в социальной сети.

"Стремление молодежи к выбору Zhubanov University радует. И это несмотря на то, что мы повышаем пороговый балл поступления.

Помимо соседних Атырауской, Западно-Казахстанской, Мангистауской, Кызы-

сии проректор по академическим вопросам Людмила Мясникова рассказала, что в этом году количество заявителей на государственный грант в университет было на 14 процентов выше, чем в прошлом году. "Около 3 тысяч абитуриентов сделали первый выбор в пользу Zhubanov University. Актобинский региональный университет входит в топ-15 вузов страны по количеству грантов. Кроме того, с каждым годом расширяется географическая карта обучающихся учебного заведения. В этом году более 60 иностранных абитуриентов из 9 стран стали студентами университета Жубанова на грантовой и платной основе. В том числе граждане стран Кении, Ганы, Индии", — сказала Л.Мясникова.

PURPOSEFUL YOUTH

In the new academic year, Zhubanov University admitted 3,700 first-year students.

The rector of the university, Laura Karabasova, wrote about this in her congratulations on Knowledge Day on her social network page.

"The desire of young people to choose Zhubanov University is encouraging. And this is despite the fact that we are raising the threshold admission score.

In addition to the neighboring Atyrau, West Kazakhstan, Mangistau, Kyzylorda regions, we welcome our students from Turkestan, Zhetysay, Akmola, Zhambyl, Pavlodar, East Kazakhstan regions and the cities of Almaty and Astana. The Heriot Watt campus, opened as part of the instructions of the Head of State, has become a center of attraction for talented youth.

Wishing our students hard work and perseverance on Knowledge Day, I would like to remind you that every Zhubanov student always has the support and care that the university offers.

I express my deep gratitude to the senior students, graduates and staff who gave the first-year students a wonderful evening," the rector wrote.

And in a report at a meeting of the Academic Council on the results of the work of the admissions committee, Vice-Rector for Academic Affairs Lyudmila Myasnikova said that this year the number of applicants for a state grant to the university was 14 percent higher than last year. "About 3 thousand applicants made their first choice in favor of Zhubanov University. Aktobe Regional University is among the top 15 universities in the country in terms of the number of grants. In addition, the geographical map of the educational institution's students is expanding every year. This year, more than 60 foreign applicants from 9 countries became students of Zhubanov University on a grant and paid basis. Including citizens of the countries of Kenya, Ghana, and India," said L. Myasnikova.



еш студенттің жалғыз еместігін, әрқашан университет ұсынатын қолдау мен қамқорлық бар екенін еске салғым келеді.

Жас жұбановшыларға керемет кеш сыйлаған жоғары курс студенттеріне, түлектерімізге және ұжымға үлкен алғыс айтамын", — ректор.

Ал Ғылыми Кеңес мәжілісінде қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындысы туралы жасаған баяндамасында Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Людмила Мясникова биыл университетке мемлекеттік грант бойынша өтініш берушілер саны өткен жылмен салыстырғанда 14 пайызға жоғары болғанын айтты. "3 мыңға жуық талапкер Жұбанов университетіне бірінші таңдау жасаған. Жұбанов университеті грант саны бойынша еліміздегі жоғары оқу орындары арасында топ-15 қатарында. Бұдан бөлек

лординской областей, мы приветствуем наших студентов из Туркестанской, Жетысуской, Ақмолинской, Жамбылской, Павлодарской, Восточно-Казахстанской областей и городов Алматы, Астана. Кампус Heriot Watt, открытый в рамках поручения Главы государства, стал центром притяжения талантливой молодежи.

Желая нашим студентам трудолюбия, упорства в День знаний, хочу напомнить, что у каждого жубановца всегда есть поддержка и забота, которые предлагает университет.

Выражаю огромную благодарность студентам старших курсов, выпускникам и коллективу, которые подарили первокурсникам замечательный вечер", — написала ректор.

А в докладе на заседании Ученого совета об итогах работы приемной комис-

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



ЖҮЛДЕГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

«Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жүлдегерлеріне Ақтөбе облыстық әкімдігі тарапынан құрмет көрсетіліп, сый-сияпат табысталды», — деп жазды облыс әкімдігінің Баспасөз қызметі.

«Көшпенділер ойындары төрткүл дүние көз тіккен дүбірлі дода болды. Түркі жұртының ортақ мәдениетін біріктірген көшпелі халықтардың ұлттық ойындарына қаншама елдің ынтызар болғанына куә болдық. Әлемге халқымыздың тұнып тұрған өнері мен мәдениетін, спортта да сан түрлі ұлттық ойындарымыз барын дәлелдедік. Өн бойымызды «Мен — қазақтың» деген мақтанш кернеді. Көшпенділер ойындарына 89 мемлекеттен екі жарым мыңға жуық спортшы қатысты. Қазақстан жарыс нәтижесінде 43 алтын, 34 күміс, 37 қола медаль иеленіп, жалпы командалық есепте топ жарды. Айтулы додада облыс атынан қатысқан 6 жерлесіміз ел қоржынына 6 жүлде салды.

Көшпенділер ойындарында қазақ халқының мәдениеті бағдарламасы ұсынылды. Бұл іс-шараның шымылдығын ашу ақтөбелік өнерпаздарға бұйырды. Мұны ұйымдастырушылардың ақтөбеліктерге деген үлкен сенімі деп қабыл алдық. Дүниежүзілік доданы қорытындылауды да біздің тізгінімізге беру Ақтөбе мәдениетінің жоғары деңгейде дамып, қарыштап келе

жатқандығын көрсетіп отыр. Дарынды ұлымыз Димаш Құдайберген осы күндері Астанада концерт қойды. Екі күн бойы астаналықтар мен ел өңірлерінен және шетелден келген қонақтар Димаштың әнімен тербелді. 30 мыңға жуық көрермен ұлымыздың, ұлтымыздың талантына бас иді», — деді облыс әкімінің орынбасары Жолдас Батырхан құттықтау сөзінде.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Назерке Азаматова, Бақыт Құсақбаева қазақ күресінен, тоғызқұмалақтан құрама спортшысы Мөлдір Серікқызы алтын жүлдеге ие болды. Өзбек халқының ойыны — құраштан Әділет Шалғынбекұлы күміс, Бекнұр Бектай қола жүлде иеленді. Түрік халқының зияткерлік ойыны — мангаладан Азамат Қайдаров үшінші орын алды.

ЧЕСТВОВАНИЕ ПРИЗЕРОВ

"Призерам V Всемирных игр кочевников, прошедших в Астане, были вручены награды от акимата Актобинской области", — сообщили в пресс-службе акимата области.

"Игры кочевников запомнились зрелищным событием. Мы стали свидетелями того, как многие страны были увлечены национальными играми кочевых народов, объединившись общей культурой тюркских народов. В играх кочевников приняли участие около двух с половиной тысяч спортсменов из 89 стран. Казахстан по итогам

соревнований завоевал 43 золотых, 34 серебряных, 37 бронзовых медалей, стали первыми в общекомандном зачете. 6 наших земляков, представлявших область,полнили копилку страны 6 медалями.

На Играх кочевников была представлена программа культуры казахского народа. Открыли занавес мероприятия актобинские артисты. Подведение итогов мировой гонки также показывает, что актобинская культура развивается и набирает обороты на высоком уровне. Наш талантливый земляк Димаш Кудайберген в рамках игр дал концерт в Астане. В течение двух дней астанчане и гости из регионов страны и из-за рубежа слушали песни Димаша. Около 30 тысяч зрителей аплодировали таланту Димаша», — сказал заместитель акима области Жолдас Батырхан.

На Всемирных играх кочевников золотые медали по казах күресі завоевали Назерке Азаматова, Бақыт Құсақбаева, по тоғызқұмалақу Молдір Серікқызы. В играх узбекского народа кураш серебра удостоился Адилет Меджынбекович, а бронзу завоевал Бекнур Бектай. В интеллектуальной игре турецкого народа мангала третье место занял Азамат Кайдаров.

HONORING THE WINNERS

"The winners of the V World Nomad Games, held in Astana, were presented with awards from the akimat of the Aktoobe region," the press service of the regional akimat reported.

"The Nomad Games were remembered as a spectacular event. We witnessed how many countries were passionate about the national games of nomadic peoples, united by the common culture of the Turkic peoples. About two and a half thousand athletes from 89 countries took part in the nomad games. Based on the results of the competition, Kazakhstan won 43 gold, 34 silver, 37 bronze medals and became first in the team competition. 6 of our fellow countrymen, representing the region, replenished the country's treasury with 6 medals.

The cultural program of the Kazakh people was presented at the Nomad Games. Aktoobe artists opened the curtain of the event. Summing up the results of the world race also shows that Aktoobe culture is developing and gaining momentum at a high level. Our talented fellow countryman Dimash Kudaibergen gave a concert in Astana as part of the games. For two days, Astana residents and guests from regions of the country and from abroad listened to Dimash's songs. About 30 thousand spectators applauded Dimash's talent," said deputy akim of the region Zholdas Batyrkhan.

At the World Nomad Games, gold medals in Kazakh kuresi were won by Nazerke Azamatova, Bakhyt Kusakbaeva, and Moldir Serikkyzy in togyzkumalak. In the games of the Uzbek people, Adilet Medzhynbekovich won silver, and Beknur Bektay won bronze. In the intellectual game of the Turkish Mangala people, Azamat Kaidarov took third place.

✓ For the 85th anniversary of A.Aytaly



ПАРАСАТ БИГІНДЕГІ ТҰЛҒА

Zhubanov University профессор А.Айталы атындағы Ғылыми оқу залында белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор Амангелді Айталының 85 жылдығына орай «Профессор А.Айталының рухани мұрасы және қазіргі Қазақстандағы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру мәселелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстелде өңірдегі зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар мен профессордың шәкірттері бас қосып, Амангелді Айталының ғылыми және публицистикалық мұрасы жайында әңгімелесті.

Дөңгелек үстел іс-шарасына А.Айталының жары Гүлжан Битөре мен жақын туыстары қатысты.

А.Айталының шәкірті, философия ғылымдарының кандидаты Үмбетқан Сәрсембин ұстазының ғылым жолындағы терең ізденісі мен рухани мұрасы жайында, сонымен қатар өнегелі істері туралы тебіреніп, біртуар тұлғаның абыройға толы өмірін ұрпаққа үлгі етті.

— Амангелді Айталының басты принциптерінің бірі, ол ылғи «Жазылған шығармаларды халық оқуы керек» дейтін, солай деп бізге үнемі айтып отыратын. Саналы ғұмырын да Амангелді ағай ғылыми-публицистикалық

мақалалар жазуға күш салды. Соның негізінде идеялары халыққа толықтай жете білді. Қазақ философиясы, отандық мәдениеттану және әлеуметтану ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Ұлттану, ұлттық бірегейлік, ұлттық сананы күшейтуде, дін мен мәдениет, тарихтың байланысын негіздеуде ғалымның жазған шығармаларының құндылығы, тақырыптарының өзектілігі зор. Алдағы уақытта қоғам қайраткерінің ғылыми мұрасы, өнегелі істері, шығармаларына арнап 1 монография шығару жоспарлануда, — деді Ү.Сәрсембин.

Zhubanov University
Баспасөз қызметі



Ұстазым

Мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР әлеуметтік Ғылым академиясының академигі Амангелді Әбдрахманұлы — менің Ақтөбе өңірлік мемлекеттік педагогикалық институтында білім берген асыл ұстазым.

Біздің курсқа философия пәнінен дәріс оқыды. Мен физика-математика факультетінде оқитын едім. Ең алғаш біздің аудиторияға кіріп келген сәті, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі бүгінгідей мәңгілік есімде қалыпты.

Ұзын бойлы, жасы отыздан жаңа асқан жас жігіттің ақыл-парасаты, тәрбиелі кісілік келбеті, білімдарлығы, өзіне деген сенімділігі сол күнгі алғашқы лекциясынан айқын көрінді. Студенттік кезімізде ұстазымызды тыңдаудан жалықпадық, өнегелі сөздерін жүрегімізге сіңіріп өстік. Кейін қызмет атқарған кездерімде де ағамызбен байланысым үзілген жоқ. Қай жерде қызметте жүрсем де Гүлжан апамен, балаларымен келіп, төрімнің сәні болды, тойларыма қатысып өзіме де, балаларыма да ақ батасын беріп, отбасыма тілекші жанның бірі болды.

Институтта дәріс бергенде қатаңдау, суықтау көрінген ағайымның жүрегі жұмсақ, өмірде жаны таза, пейілі кең, абыройлы өмір сүргенін байқадым.



Ұстазымнан көп нәрсені үйрендім, қызметте соның бәрі керемге жарады.

Қарапайымдылығының өзі өмірлік үлгі болды. Адамгершілігін, әділдігін, мемлекетшілдігін, ұлттық мүдде жолындағы күресін бүкіл республика жұртшылығы өнеге тұтты.

Асыл адамның бойында керек жерде, керек кезде табылатын кемелділік болады екен. Ол өкінің бірінде бола бермейді. Көпшілік астына ат мінгізбесең, ақыл қоспайды, таққа отырғызбасаң, ел тағдырына араласпайды.

Менің ұстазым атсыз да, тақсыз да ел тағдырына араласып, қаншама проблемаларды көтеріп, ел үшін, ұлт үшін жанын ауыртты, сол жолда күресін тоқтатпай, өмірден өтті. Міне, асыл адам осындай болады.

Осындай ерекше тұлға, аңыз адам менің ұстазым болғанын мақтан етемін. Өнегесін көрген, тәлім алған ұстазымның үмітін ақтауға өмір бойы тырысып келемін.

Мен көңілінен шықпаған студент болсам, менімен араласпас еді, маған көңіл бөліп, азамат тұтқаны маған сенгенін әрі жақсылықтың белгісі деп бағалаймын, соған сай болуға ұмтылады екенсің...

Гүлжан апаның да орны ерекше, ұстазымның абыройлы қызмет істеуіне барлық жағдайын жасады. Балаларының да қалай өскені көз алдымызда. Өкенің абыройына кір келтірмей, елге қызмет етіп жүр.

Кішкентай ерке Жанардың әкесі туралы ой толғанысын естіп, қуанып қалдым.

Немересі Ақсұңқардан үлкен үміт күтетін.

Ағамыздың үміті ақталып, ұрпақтары өмірден өз орындарын тауып, егеменді еліміздің абыройлы азаматтары атансын.

Абыройдың асқар шыңы болған Ағамыздың аруағы бәрімізді желеп-жебеп жүрсін!

Алдымызда темірқазықтай өткен өмірі бүгінгі, келешек ұрпаққа да үлгі, өнеге болсын!

Серік Шаңғұтов
Ақтөбе облысы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы

Асыл аға

Мемлекетіміздің басты байлығы — адамдар, олардың бостандығы мен еркіндігі және заңмен қорғалған құқығы.

Осы айтылған қағида Ата заңымыздың басты принципі болып есептелгенмен, барлық уақытта заңдылық тұрғыдан қорғала бермейді. Соның салдарынан қоғамда сенімсіздік, теңсіздік, орын алып мемлекеттік жүйенің заң жүзімен жүрмей жатқандығына, адамдарда реніш пен қанағаттанбаушылық пайда болып, баспасөз беттерін-

неше рет кітап болып, халыққа жол тартқанда, Амангелді Айталының сол еңбегі бүкіл дастанның терең мағынасын жеткізе білген ғылыми еңбек болғандықтан, кітаптың жол ашары болып «Елім-ай»-мен еншілес мақала болып жарияланып келеді. Бұл дастан-жыр ұлттың тағдыры қыл үстінде тұрғанда, елді, туған жерді, Отанды қорғауға шақырған мәңгілік мәнін жоймас үндеу, халықты қаһармандық ерлікке шақырған ұлы туынды еді. Оның мән-маңызын жеріне жеткізе көрсете білген, теңдесі жоқ баяндама жасап, баға берген, асыл аға Амангелді Айталы болды.

Сол кездесуде ағаның бала кезден бірге өскен, бұрын Жоғарғы Соттың төрағасы болып қызмет атқарған Тамас Айтмұхамбетов конференцияға қатысып, Абекеңмен құшақтастырып, таныстырды. Ол «Енді екеуің ажырамас идеялас дос болып кетесіңдер» деп, арқа-жарқа болып күлгені есімде. Сол конференциядан соң, Петропавлға (Қызылжарға) бірге аттанып, жыраудың қорымына барып, аудан орталығындағы алаңға қойылған ескерткіш мүсінін ашуға қатысып, мектептегі мұражайын аралап көріп, үлкен қанағаттанған сезіммен қайтқан едік. Одан соң, Петропавлда (Қызылжарда) «Өлке тарихы — тұлғалар тағдыры» деген тақырыпта Халықаралық ғылыми конференция өткізгенімде, жердің шалғайлығына, жолдың ұзақтығына қарамай, академик Салық Зиманов, Жоғарғы Сот төрағасы болған досы Тамас Айтмұхамбетовпен бірге келіп, мазмұнды баяндама жасап, солтүстік өңірдің зиялы қауымының ризашылығына бөленген еді.

Мен оңтүстікке оралып, туған жерімде, қасиетті Қазығұртта «Мәңгілік ел» этнографиялық саябағын ашып, ұлт қорғаны болған, халық қаһарманы Салқам Жәңгір хан мен Жалаңтөс Баһадүрге ат үстіндегі айбынды ескерткіштерін орнатып, ғылыми конференция өткізіп, халықтық мерекеге айналдырғанымызда да, мазмұнды, маңызды өткен мен бүгінді байланыстыра отырып жасаған баяндамасына ел ерекше риза болып, қол соққаны есімде, сонда ол «коммерсанттың Отаны жоқ, ақшасы қайда болса, оның Отаны сонда» деген тұжырымды сөзі, халықты шексіз риза етті. Біз Амангелді ағамен одан соң да кездесіп, сырласып тұрдық. Көптеген ғалымдардың арасынан менің жүрегіме терең бойлаған академик Салық Зиманов пен Амангелді Айталы аға болды.

Ағаның мерейтойы Ақтөбеде өткенде арнайы барып, құттықтап, қуанышына ортақ болғаным әлі есімде, сол жында әлемге аты мәлім Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов, саясаткер Әлихан Бәйменовтермен бірге болып, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әнші К.Мыржықбаевтың концерттік бағдарламасын тыңдап, марқайып қайтқан едік. Сол бір күндер, өміріміздің жарқын беттерінің бір көрінісі болды. Асыл аға менің ғылыми еңбектеріммен танысып, «Заңгердің сүйініші мен күйініші» деген тақырыпта көлемді мақала жазып, республикалық баспасөз бетінде жария етіп, менің өзімнен рухтас екенімді мақала мазмұнынан білдіріп, риза еткен еді. Өмір өткелдерінде Амангелді Айталыдай ағамен рухани дос болып, бірге өткізген күндерім жадымда жаңғырып тұрады, асыл ағаны аңсаған сайын, оның еңбектерін қайталап оқу арқылы еске түсіріп, өткен күндердің жарқын беттері жанымды жадыратады.

Ғалымның жан жары Гүлжан жеңгем асыл ағаның жан дүниесін жақсы танып-біліп, мөлдір махаббатын, қуанышы мен шаттығын жарының өміріне арнағандай сезіндім. Ағадан ілтипат көріп, інілік ізетімді жасағанымды асыл мұратым деп түйдім.

Бекет Тұрғараев
Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Құрметті судьясы, заң ғылымдарының докторы, профессор

Бетті өзірлеген
Г.Қараша

☑ National referendum

Қазақстанда биыл 6 қазанда АЭС салу мәселесі бойынша референдум өтеді. Бұл туралы 2 қыркүйекте Парламент Сенаты мен Мәжілістің бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» тақырыбында Халыққа Жолдауын жариялаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мәлімдеді. Елде атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум биылғы 6 қазанда өтеді деді Мемлекет басшысы.

Қ.Тоқаев АЭС салу мәселесі бойынша референдум өткізу қоғамда бір жылдан бері талқыланып жатқанын айтып, бұл «азаматтардың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім» деді. «Күн өткен сайын экономикамызға мол энергия қажет болып жатыр. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазіргі кезде әлемнің дамыған және дамушы 30 елінде жиынтығы «200-ге жуық» атом электр станциясы бар.

Бұл қуат көзі ел экономикасының ұлғайып бара жатқан қажетін елеулі дәрежеде өтейді», — деді Қ.Тоқаев. 27 тамызда Үкімет республикалық референдум өткізу туралы жарлық жобасын мақұлдаған.

«Еліміздің ұзақ мерзімді ұлттық мүдделері мен ерекшеліктерін ескере отырып, біз болашақ туралы ойлануымыз керек. Сондықтан мен АЭС құрылысы мәселесінде стратегиялық сипаттағы жоспарларды қоғам талқысынан кең көлемді талқылап, ой елегінен өткізіп барып шешім қабылдау қажеттігін үнемі айтып келе жатырмын», — деді өз Жолдауында ҚР Президенті.

Биылғы жыл басынан бері Қазақстанның барлық ірі қалаларында АЭС салу тақырыбына қоғам талқысы ұйымдастырылып, өткізілді. Үкімет сарапшылары ядролық энергия көмірмен жұмыс істейтін станциялармен салыстырғанда таза қуат көзі дейді.

2023 жылы Алматы облысында Балқаш көлінің жағалауында орналасқан Үлкен ауылында АЭС салу тақырыбына қоғам талқысы өткен. Бұл ауыл АЭС құрылысы салынуы ықтимал негізгі орын ретінде саналады.

Ол жерде әрқайсының қуаты 1200-1400 мегаватт болатын екі реактор салынуы мүмкін.

Zhubanov University ұжымы арасында Халықтық штабтың ұйымдастыруымен Қазақстандағы атом электр станциясының (АЭС) құрылысын талқылауға арналған бірнеше ауқымды іс-шара өтті. Университеттің Ақсақалдар кеңесі, белсенді жастар өкілдері, оқытушы-профессорлық құрамы, қызметкерлер АЭС құрылысы бойынша жалпыұлттық референдумда дауыс берудің маңыздылығы, елімізде атом энергетикасын дамыту перспективалары жайында пікір алмасты.



ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ПАЙДАЛАНУ — ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ



**Бауыржан ЖҮНИСОВ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің профессоры**

Қазақстанда АЭС салу мәселесі жалпы-халықтық референдумда шешіледі. Болашақ атом станциясын Алматы облысы Жамбыл ауданының оңтүстік-шығыс бөлігінде, Балқаш көлінің жағалауында орналасқан Үлкен ауылында салу жоспарланып отыр және ол Алматы қаласымен арақашықтығы 360 шақырым жерде орналасады.

Су ресурстарын пайдаланудың ең ірі саласы — гидроэнергетика болып табылады. Не-

гізінде, дамыған елдердегі гидроэнергетикалық ресурстар, яғни құрылысқа жарамды өзен учаскелерінің көпшілігі игеріліп қойған.

Қазақстан экономикасы мен халқын қажетті энергиямен жабдықтауды қамтамасыз ету, қолданыстағы электр станцияларын жаңғырту және жаңа энергия көздерін пайдалану — өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта электр қуатымен қамтамасыз етудің негізгі өндірушілеріне жылу және гидроэлектр станциялары жатады. Алайда органикалық отынның табиғи ресурстары күн сайын азайып, оларды өндірудің өзіндік құны өсіп келеді. Қандайда бір жанармай жағылған кезде оның зиянды қалдықтары атмосфераның ластануына, экологиялық ахуалдың нашарлауына және табиғатқа өзінің теріс әсерін тигізеді.

Базалық энергия көздері ретінде жылу (көмір, табиғи газ), гидро (суға қатысты ұғым) және атом сияқты электростанцияларды пайдалану қарастырылады. Бұрын жылу және гидростанцияларына балама энергия көзі болып АЭС саналатын. Бірақ қазірдің өзінде атом электр станциялары арзан және экологиялық таза энергия көзі болып табылмайды. Қазіргі уақытта энергиялық отын ретінде пайдаланылатын уран кенінің қоры шектеулі және оны өндіру қиын. Қоршаған ортаның ластануы атом энергетикасының дамуына әсер етеді. Ғалымдардың есебінше, барланған көмір қоры 600 жылға, мұнай — 90 жылға, табиғи газ — 50 жылға, уран 27-80 жылға жетеді, ал басқа отын түрлері 800 жыл ішінде жағылып бітеді екен, сондықтан өндіріс көлемінің артуы мен халық санының тұрақты өсуі әдеттегі энергия көздерінің сарқылуы жаңа энергия көздерін іздеуге мәжбүр етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда жұмыс істеп тұрған электр станциялары Кеңес Одағы кезінде салынған және оларды пайдалану мерзімі бар, көбісі ескірген, жиі апатқа ұшы-



рап отырады, келешекте біздің елдің экономикасы мен халқын электр қуатымен толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан болашақта электр қуатына деген қажеттілік туындайды.

Электр станцияларының барлық түрлерінің ішінде органикалық отынмен жұмыс істейтін жылу электр орталықтары қоршаған ортаға ең күшті әсер етеді. Жылу электр орталықтары барлық күкіртті ангидридтің шамамен 46 пайызын және өнеркәсіптік кәсіпорындар атмосфераға шығаратын көмір шаңының 25 пайызын бөледі. Қазіргі заманғы қуатты

жылу электр орталықтары тәулігіне 20 мың тоннаға дейін көмір тұтынып, тәулік сайын атмосфераға 680 тонна SO₂ және SO₃, 200 тонна азот оксидтері, 120-240 тонна күл, шаң, күйе шығарылады. Жылу электр орталығы өнеркәсіптік қалаларда пайда болатын түтінің негізгі себебі екені айқын. Бұның өзі қаладағы атмосфераның шаңдануы мен бұлттылықты да арттырады. Мысалы, Алматы бірнеше жылдан бері ең ластанған қалалар тізіміне ілікті. Қаланың ластануы ЖЭО-2 және ЖЭО-3, автокөлік және отын жағатын жеке үйлердің, оның ішінде Алматы облысында, қалаға жақын орналасқан үйлердің атмосфераға шығарған түтініне байланысты.

Қазіргі заманда мүлдем қауіпсіз энергия көзі жоқ екенін ескеру өте маңызды. Атом электр станциясының құрылысын салудың өзі үлкен экономикалық шығындарды қажет етеді. АЭС қоршаған ортаға әсерін талдау кезінде кейінгі ықтимал тәуекелдер мен күтілетін пайданы салыстыру қажет. АЭС бірқалыпты электр энергиясын өндіруді қамтамасыз етіп, ұзақ уақыт үздіксіз жұмыс істейді. Мамандардың пікірінше, АЭС қалдықтарының 90 пайыздан астамы іс жүзінде зиянсыз, өйткені олардың ыдырау кезеңі өте аз және радиоактивтілік минималды. АЭС дұрыс пайдаланбаған кезде оның зардаптары да болуы мүмкін: қоршаған ортаны радиоактивті қалдықтармен ластауы және энергия блоктарындағы орын алатын түрлі апаттар.

Атом электр станциясындағы ең алғашқы ауыр апат 1979 жылы АҚШ-тың Пенсильвания штатының орталығы Харрисбург маңында орналасқан Үш миль аралында орын алды. Ең ірі ядролық апат 1986 жылы Украинаның Чернобыль қаласында болды. Апат салдарынан осы елдің елеулі аумағы мен Ресей-

дің екі өңірі (Брянск және Калуга облыстары) радиоактивтік ластануға ұшырап, адамдар өміріне қауіп төнді. АЭС-тен радиусы 30 км жерде тұратын халық басқа жерге көшірілді. Сонымен қатар 2011 жылы Жапонияның «Фукусима-1» АЭС апатқа ұшырады. Осы апаттың әсерінен Токио мен Жапонияның басқа қалаларында жоспарлы электр қуатын өшіру енгізілді. Қазіргі кезде дүниежүзінің 32 мемлекетінде 440 белсенді ядролық реактор жұмыс істеп тұр. Бұл реакторлар әлемдегі барлық электр энергиясын өндірудің 10 пайызын құрайды. Атом энергетикасы көптеген дамыған және бірқатар дамушы елдерде, әсіресе Еуропа елдерінде пайдаланылады. Ядролық энергетикалық реакторлардың саны бойынша алғашқы бестікке мына мемлекеттер кірді: АҚШ — 94, Қытай — 56, Франция — 56, Ресей — 36, Жапония — 33. Қазір әлемде 59 ядролық реактор салынып жатыр.

Болашақта АЭС Қазақстанда салдырсақ, оның қоршаған ортаға зиянды әсері мен тұрғындарға зияны қалай болады деген сұрақтар қарапайым халықты алаңдатады. Осыған байланысты ғалымдар мен практик-мамандардың арасында атом электр станциясын салу қажеттілігі қызу талқылануда. АЭС экология тұрғысынан алғанда, кейбір артықшылықтарына қарамастан, мысалы, табиғи газ бен көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станциялармен салыстырғанда, қоршаған ортаға айтарлықтай қауіпі бар. Ғалымдар атом энергетикасын ұтымды пайдалану және қоршаған ортаның ластануымен байланысты үйлесімді шешімін табуға бағытталған әртүрлі ғылыми жолдарын ұсынады. Қазіргі туындаған мәселелерге қарамастан, атом энергетикасы — қоршаған ортаны ластау мәселесін шешудің тиімді әдістерінің бірі.

aqtobegazeti.kz



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҮШІН ТАРИХИ ТАҢДАУ ЖАСАЛАТЫН КҮН

АЭС құрылысы бойынша республикалық штаб өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Жұлдыз Сүлейменова және Анас Баққожаев Ақтөбеге сапары барысында Жұбанов университетіне соғып, оқу орнының ұжымымен кездесті. Сондай-ақ кездесуге АЭС салуды қолдау жөніндегі облыстық штаб мүшелері де қатысты.

Кездесуде атом электр станциясын салудың тиімді тұстары мен еліміздің экономикасы мен энергетикалық қауіпсіздігіне тигізетін ықпалы талқыланды.

ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова АЭС құрылысы энергетика тапшылығын шешуде, энергияға тәуелсіздік-

ті сақтау және технологиялық даму бағыттарын қамтамасыз етуде өте қажет жоба екенін атап өтті. «6 қазан — Қазақстан халқы үшін тарихи таңдау жасалатын күн. Өйткені бұл шешім еліміздің экономикалық және технологиялық болашағын айқындайды», — деді Мәжіліс депутаты.

Өз кезегінде Анас Баққожаев энергетикалық тәуелсіздікке жету үшін атом электр станциясын салудың маңыздылығына тоқталды.

Университет ғалымдары АЭС салуды қолдау жөніндегі республикалық халықтық штаб өкілдеріне сұрақтар қойып, ұсыныстарын жеткізді.

Жадыра Әрен

Heriot-Watt University



Выразил благодарность

18 сентября 2024 года в Эдинбурге состоялась встреча Чрезвычайного и Полномочного Посла Республики Казахстан в Соединенном Королевстве Великобритании и Северной Ирландии Магжана Ильясова с руководством университета Хериот-Уотт — провостом Стивом Маклафином и вице-провостом Марком Биггсом. В ходе встречи обе стороны обсудили ключевые вопросы развития образования стран Великобритании и Казахстана. Одним из основных моментов обсуждения стало достижение партнерства между университетом Хериот-Уотт и Актобинским региональным университетом имени К.Жубанова.

Господин Посол отметил, что старейший технический вуз Великобритании активно сотрудничает с одним из крупнейших университетов Западного региона Казахстана. В частности, проект Актобинского кампуса университета Хериот-Уотт открывает новые перспективы для дальнейшего развития британского образования в Казахстане и способствует укреплению двусторонних связей между странами.

Провост Стив Маклафин в свою очередь высоко оценил достигнутые результаты совместной работы, подчеркнув успешность и значимость данного проекта для обеих сторон. Кроме этого, провост выразил благодарность руководству Актобинского регионального университета имени К.Жубанова за высокий уровень взаимодействия.

HERIOT-WATT UNIVERSITY:

ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЕ ЦЕННОСТЕЙ

Как нужно учиться, чтобы достичь высоких результатов? Ректор Heriot-Watt University Марк Биггс рассказал корреспонденту «АВ» о требованиях к студентам и перспективах, которые открываются перед выпускниками британского вуза.

В начале учебного года вице-провост Heriot-Watt University профессор Марк Биггс побывал в актобинском кампусе, где сегодня обучается 432 студента. Тогда он обсудил детали дальнейшего сотрудничества с правлением регионального университета имени К.Жубанова. На встрече со студентами обрисовал возможности обучения в одном из лучших университетов мира.

— Профессор Марк Биггс, первый год обучения в актобинском кампусе пройден. Как вы оцениваете успеваемость студентов?

— По итогам первого учебного года хочу отметить хорошую успеваемость. Еще раз убедился: мы приняли способных ребят. Конечно, как и в любом другом вузе, статистически есть студенты, которые недостаточно хорошо справились с учебной программой, такое встречается всегда и везде. Зато мы извлекли из этой ситуации важный урок: нужно глубже проработать некоторые аспекты образовательной программы, в том числе улучшить вовлеченность студентов.

— Значит ли это, что планируется пересмотр программы обучения для того, чтобы сделать ее легче?

— Нет, конечно. У университета Хериот Уотт высокие академические стандарты, которым следуют во всех кампусах. Наша задача — объяснить их актобинским студентам и

приложить все усилия для того, чтобы они достигали этих стандартов.

У нашего вуза один из самых высоких показателей в мире по трудоустройству. Потому у его студентов, обучающихся в Дубае, Малайзии и

чаются по той же программе, что и в других. Конечно, в нее больше привнесено зарубежной экспертизы, собранной на основе научных и научно-технических проектов наших преподавателей. Вместе с тем про-

В университете имени Кудайбергена Жубанова работает еще свыше 25 человек, и число их будет увеличиваться. Предпочтение мы отдавали тем, у кого есть зарубежное образование, диплом о завершении докторантуры либо магистратуры, кто отлично владеет английским языком.

Эдинбурге, есть некоторые преимущества. Учитывая, что обучение ведется по единой образовательной программе, актобинские выпускники завтра будут также иметь высокий рейтинг и пользоваться большим спросом в индустрии.

— Насколько программа обучения адаптирована к нашему региону?

— Как я уже говорил ранее, студенты актобинского кампуса обу-

екты, выполняемые студентами на третьих и четвертых курсах, основаны на реальных данных местной индустрии. Очень важно отметить, что три программы — по электроэнергетике, компьютерной и нефтяной инженерии — отбирались с точки зрения контекста и потребностей региона.

— Расскажите о привилегии обучения в разных кампусах вашего вуза. С какого курса студен-

ты смогут мигрировать по корпусам, за чей счет и кому будет отдаваться предпочтение?

— В Heriot-Watt University действует программа GoGlobal, в рамках которой студенты могут учиться в нескольких кампусах университета в Дубае, Малайзии и Эдинбурге.

Мы оказываем полную поддержку в этих международных переездах, так как кампусы расположены в разных странах. Помогаем в оформлении визы, размещении студентов в общежитиях, ряде других вопросов. Любой переезд предполагает расходы, тем более если выезд планируется за рубеж. Поэтому рассматриваем разные варианты спонсирования.

По программе академической мобильности перевод в другой кампус возможен со второго семестра второго курса. В течение месяца студентам объявят о такой возможности, и начнется отбор претендентов, которые поедут в кампус Малайзии или Эдинбурга. Студенты с высокой успеваемостью могут поехать и за свой счет.

— Как производился отбор преподавателей в местный кампус?

— Найм осуществлялся по стандартным правилам, так же, как мы нанимаем преподавателей для всех

кампусов. В основные требования входят техническая квалификация, знания, не последнюю роль играет желание поехать за рубеж.

Для набора преподавателей в казахстанский кампус была проведена международная рекламная кампания. В результате получено большое число заявок на участие от желающих всего мира. С каждым претендентом провели собеседование. Кандидаты представляли презентации, после чего отобрали самых лучших.

Чтобы не создалось впечатление, что всех наняли с нуля, опытные сотрудники с большим стажем работы в университете Хериот Уотт также присоединились к этому проекту. Один из них — профессор по химической инженерии Грэм Уайт имеет несколько десятилетий стажа работы в университете. И он глубоко вовлечен в этот проект.

Вместе со мной прибыла команда преподавателей. Они проведут теоретические и практические занятия в новом учебном году. Это преподаватели школы инженерии и физики, департамента компьютерных наук. Также приехали академические менеджеры, задача которых заключается в контроле качества обучения.

Важно отметить, что преподаватели, работающие здесь, как и профессорско-преподавательский состав других кампусов, являются членами одной международной команды. В каком плане? Уроки ими

В актюбинском кампусе мы будем придерживаться требований образовательной программы Республики Казахстан. И практика обязательно будет организовываться. Мы окажем содействие студентам актюбинского кампуса, чтобы они смогли пройти практику в нефтяных компаниях, оперирующих на Каспийском море.

В нашем вузе работает целый департамент — подразделение карьерной или профессиональной ориентации. Его специалисты помогают студентам и выпускникам устраиваться на работу и практику. Важно понимать, чтобы советы были существенны для местной индустрии. Не все дети однозначно поедут на практику за рубеж ввиду финансовых вопросов.

— Будет ли возможность выпускникам продолжить обучение в магистратуре Heriot-Watt University по гранту?

— Немалая часть выпускников поступает в магистратуру и докторантуру. У нас есть большой спектр программ со стопроцентной скидкой. Помимо этого, разработаны онлайн-программы от университета. В АРУ имени Жубанова есть отдельная стипендиальная программа для выпускников, которая дает определенные скидки. Поэтому однозначно скажу, что возможность продолжить обучение в магистратуре либо докторантуре есть.

— Рассматривается ли во-

По программе академической мобильности перевод в другой кампус возможен со второго семестра второго курса. В течение месяца студентам объявят о такой возможности, и начнется отбор претендентов, которые поедут в кампус Малайзии или Эдинбурга.

разрабатываются совместно. Преподаватели из разных кампусов могут вовлекаться в любой образовательный процесс, будь он в Эдинбурге, либо в Актобе.

На данный момент в университете работает порядка десяти новых сотрудников, нанятых для этого проекта из-за рубежа.

Кроме того, в университете имени Кудайбергена Жубанова работает еще свыше 25 человек, и число их будет увеличиваться. Предпочтение мы отдавали тем, у кого есть зарубежное образование, диплом о завершении докторантуры либо магистратуры, кто отлично владеет английским языком. Все кандидаты прошли отбор непосредственно в Heriot-Watt University, и теперь являются сотрудниками нашего университета, числятся в его системе, отсюда все получают данные по образовательным программам.

— Как будет организовываться практика для студентов?

— Прохождение производственной практики — требование казахстанской системы образования. У нас нет такой необходимости. В Эдинбурге, если студент захотел пройти практику на предприятии, он может взять перерыв в обучении на год и уйти практиковаться в индустрию.

прос открытия еще одного кампуса Heriot-Watt University в нашей стране? И будут ли добавляться новые специальности в актюбинский кампус?

— Нет, это ответ на первый вопрос. Мы работаем только с университетом имени Жубанова. И да, мы рассматриваем возможность ввести новые специальности в образовательные программы актюбинского филиала вуза. Но их выбор в первую очередь будет зависеть от рынка, востребованности специалистов. На данный момент мы изучаем этот рынок.

Хериот Уотт настроен на долгосрочную стратегическую работу с университетом имени Кудайбергена Жубанова. В первую очередь стремимся сделать мировое образование доступным для каждого. Сегодня порядка сорока процентов студентов актюбинского кампуса относятся к категории социально уязвимого населения либо из сельской местности. То есть тех групп, которые не полностью представлены в палитре высшего образования. А немаловажная часть нашей миссии в работе с университетом Жубанова — это развитие его потенциала на международной арене.

Айжан ШАУКУЛОВА
avestnik.kz



ИНОСТРАНЕЦ ПОСТУПИЛ В АКТЮБИНСКИЙ КАМПУС БРИТАНСКОГО ВУЗА

Арсений Минин подал документы на платное отделение в Актюбинский кампус Heriot-Watt University. Будущий студент является гражданином России, но решил получить высшее образование в Казахстане, — пишет сайт Zhubanov University.

Об Актюбинском кампусе шотландского вуза я узнал от отца. В интернете он прочитал статью о том, что на базе университета Жубанова открывается Heriot-Watt University, — рассказывает Арсений. — И я понял, что хочу учиться именно в этом вузе, хотя до этого момента планировал поступать в другое высшее учебное заведение. Heriot-Watt — прекрасный шотландский университет, который открывает большое количество дверей в моё будущее, в мою будущую карьеру, как в Казахстане, так и за рубежом. Особенно мне понравилось, что по окончании учёбы я получу двойной диплом: казахстанского и британского образца. Это позволит быть востребованным в любой точке земного шара.

В феврале Арсений Минин прошел тестовый экзамен, который проводил Heriot-Watt.

"Меня не пугает, что обучение будет полностью на английском языке, потому что английский я учу с детства, прошёл много различных

курсов, — говорит Арсений. — Есть большой опыт разговорного английского, так как стараюсь общаться с людьми из разных стран, с разными диалектами. В плане технических знаний я учился в классе с математическим уклоном, и мне всегда было интересно программирование и вообще все, что связано со сферой IT.

А.Минин выбрал специальность «Компьютерная инженерия».

Я считаю, что эта специальность не потеряет своей актуальности, — уверен Арсений Минин.

— Скорее наоборот, растёт востребованность специалистов в этой сфере. Главное, постоянно учиться, получать новые знания, чтобы держаться на плаву, потому что будет всё больше и больше конкуренции. В дальнейшем вижу свою профессиональную деятельность в работе с искусственным интеллектом, также интересна разработка программного обеспечения и, как еще один вариант, игровая индустрия.

☑ Youth

2024 жылдың сәуір айынан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры қызметіне Тастанқұлов Еркін Серікжанұлы кірісті. Оған дейін ол университеттің Ғылыми кітапханасының директоры лауазымын атқарды.

Басқарма мүшесі, Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор, өнер магистрі Тастанқұлов Еркін Серікжанұлы — 2012 жылы Каспий қоғамдық университетінің «Әділет» жоғары заң мектебін «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2014 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дінтану» мамандығы бойынша магистратураны, 2017 жылы докторантураны аяқтады.

— Сізбен жаңа оқу жылы басталуда кездесіп, ой алма-сып отырғаныма қуаныштымын.

Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары университеттің маңызды миссияларының бірі болып саналады. Осы бағыттағы қыруар жұмыстардың үйлесімді, нәтижелі жүзеге асуында лидердің ролі күшті. Дайынсыз ғой?

— Саламатсыз ба, жаңа оқу жыл басталуымен сізді де құттықтаймын. Университетіміздің ішкі өзгерістерін көпшілікке жеткізу де күрделі бағыттардың бірі, жауапты әрі айсберг секілді жарияланатын ақпараттан бөлек, ол мәлімет дайындау барысында көрінбейтін қаншама еңбек. Тәрбие саласы да дәл осы секілді. Иә, жаңа оқу жылында алда тұрған міндеттерді абыройлы орындауға дайынмын! Сіздің сұрақтарыңызға барынша толық жауап беруге тырысамын.

— Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорды студенттің бірінші досы ретінде қабылдаймын өзім. Дегенмен атқаратын қызметіңіздің негізгілерін атап өтсеңіз. Қатарға жаңа қосылған білім алушылар нақты бағдар алысын.

— «Бірінші досы» деген пікіріңізбен келісім-ақ келіп тұр, бірақ ол мүмкін емес. Неге десеңіз, проректор 14 мың студенттің досы болуы және студенттер мені дос ретінде қабылдауы қол жеткізбес арман. Проректорға дейін, әрбір студент өзінің кураторы, ал қазіргі таңда менторын танып, менторымен жақсы қарым-қатынаста болуы керек. Ол

әр оқытушыны құрметті ұстазы ретінде қабылдап, факультет деканын әке мен анадай көрсе, міне осы да үлкен жеңіс болар еді.

Қазіргі таңда, негізгі мақсатым — студенттеріміздің идеологиялық көзқарасын қалыптастыру,

УНИВЕРСИТЕТ БЕРІП ЖАТҚАН БІЛІМ

ӘЛЕМДЕГІ 80% ХАЛЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМСІЗ

елін, жерін университетін сүйіп, адал еңбек пен адал жетістіктерге жететін азаматтарды қалыптастыру. Жай ғана әдемі лозунгтармен бұны іске асыру оңай емес. Бұл бағытта бірнеше міндеттерді орындауым қажет, оның ішінде: студенттердің өз ара қарым-қатынасы, құқықтарының қорғалуы, жатақханаға орналастырылуы, тұрмыстық жағдайларын анықтап, оны ескеріп отыру, түрлі мекемелермен тығыз жұмыс істеп, жастардың бойында тәрбие мен тәртіп, жауапкершілік пен болашаққа сенім сезімін қалыптастыру.



— Сіздің бұл қызметке тағайындалғаныңызға көп уақыт болған жоқ. Алайда жастар ісін жүргізуде біраз тәжірибеңіз барын білеміз. Өзіңіз де жас-сыз. Аталған екі салада қандай ауқымды жоспар құрып отырсыз?

— Шынымен тәрбие бағытында 2014 жылдан бастап 2017 жылдың аяғына дейін тікелей жұмыс атқарған екенмін. Оның ішінде түрлі ашық сабақтар өткізіп, мәдени шаралар ұйымдастырып, жастар арасында еліміздің тарихы мен дәстүрін насихаттаумен

айналысқан едім. Бірақ одан кейін сәл басқа бағытта қызмет еттім, бұл салаға қайта ораламын деп ойламаппын. Енді міне жарты жыл бойы студенттеріміздің тәрбиесіне тікелей жауапты, университет тарапынан осы жастардың министірлік алдында, мемлекеттік мекемелер алдында амбассадорымын. Ендігі мәселе әрбір студентімізді қай жерде жүрсе де еңсесін биік ұстап, университет репутациясын жоғарылататын амбассадор қылып қалыптастыру. Жаңа айтқандай жай ғана сөз бұл бағытта аз болар.



Осыған орай, алдымызда бірнеше жоспар тұр, оның ішінде: студенттік театр жұмысын жаңғырту, студенттік сериал түсіру, студенттік радио және тағы басқа іс-шаралар. Назар аударсаңыз, әр жобаны «студенттік» деп атадым, себебі әр студент үйінен, мектептен тәрбие алып, тұлға ретінде қалыптасып келді. Ендігі өзін-өзі басқару арқылы, өзіне өзі қызмет ету арқылы, өзі өзінің қалауына құлақ асу арқылы жаңа шырдарға жету. Бұл қаншалықты мүмкін десеңіз. Жаз бойы қабылдау комиссиясы науқанынан бастап, студенттерді жатақханаға орналастыру кезіндегі қыруар шаруаларға белсенді студенттеріміз тікелей қатысты, олардың еңбектерін жоғары бағаладық. Студенттер Үйінде де студенттер тәртібіне жауапты студенттердің өздері.

— Биылғы оқу жылының жаңалығы — менторлар тобының іске кірісуі. Олар кураторларды алмастырды. Басты айырмашылығы және күтілетін нәтиже?

— Есіңізде болса куратор болып оқытушылар тағайындалған еді. Оқытушы қол астына берілген студенттерден бөлек сабақтарын өткізуі керек, түрлі индикаторларын орындауы қажет, кураторлық сағаттарды өткізуі, түрлі іс-шараларды ұйымдастыруы, кезекшіліктерге шығуы керек еді. Қыркүйек айынан бастап менторлық жүйе жүзеге асырылуда. Ментор саны кураторлардан 7 есе аз болғанымен, бұл қызмет студенттердің тәртібі мен үлгерімін жүйелендіруде тиімді болмақ, өйткені менторлар студенттермен бір толқында болады, іс-шараларды бірге ұйымдастырады және өздерінің тәжірибесімен бөлісіп оты-

рады. Менторлардың кемінде жартысы өзіміздің 2024 жылғы түлектер, толыққанды оқу үрдісін танитын, жастарға жастың тілімен жеткізе алатын жас мамандар. Яғни бұл шешім оқытушыларға да жеңілдік әкелді, университетке қаржы жағынан тиімді. Бұрынғы кураторлар әзірше менторларға өз тәжірибелерімен бөлісіп, оларды маман ретінде жетілулеріне жәрдемдесуде, осыған қатысып, өзгерістерді түсінікпен қабылдаған аға буын әріптестерге алғыс білдіремін. Менторлардың өздері жас, студенттермен замандас болғандықтан бүгінгі күннің өзекті мәселелерін бірлесе шешуге, кездескен қиындықтарға бірге төтеп беруге күш біріктіреді деп сенемін. Бұл тандем студенттер мен университет арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға, отбасы құндылықтарын бағалауды күшейтуде, жастардың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруде оң бастама деп ойлаймын, сондай-ақ лудомания, деструктивті діни көзқарас, қарыз, қылмыс пен наркоманияға қарсы иммунитет қалыптастыруда да себі зор болады деп күтудеміз.

— Тәрбие құралының бірі, мүмкін біреулер үшін ең басы, бұл — кітап. Кітапхана жұмысын жетік меңгерген маман ретінде жастарды жаппай кітап оқуға қызықтыру методикасын жаңа қызметіңізде де қолданып боларсыз?

— Салыстыруға қиын. Кітапханаға келгенімде біріншіден студенттерге кітапханада еркіндік берген едік, өздерін кітапханада өз үйіндегідей сезінсе екен деп бастаған едім. Ал қазіргі бағытта керісінше студенттерде еркіндік бар, университет толықтай демократия мен адалдық принциптерін орындауда, ендігі кезең осы еркіндікті студенттер дұрыс қолдана екен. Яғни бос уақыттарын дұрыс пайдаланса, бар мүмкіндіктерді уақытылы пайдаланса, өз-өзін дамытуға бар күшін салса, сол кезде еркіндікті дұрыс пайдаланды десек болады.

— Сөз қайырымында жастар өмірдің биік шыңдарына адаспай, қателеспей қол жеткізуі үшін неге назар аударып, қандай қарекетте болуы керек деген сұрақ төңірегінде ойыңызды білсек.

— «Білімнің басы — бейнет, соңы — зейнет» — деп қазақта бекер айтылмаған, қаласаңыз Фрэнсис Бэкон айтқан «Knowledge is power» деген екі сөздің тереңдігі қандай. Қазір университет беріп жатқан білім әлемдегі 80% халыққа қолжетімсіз. Мемлекет беріп жатқан мүмкіндік те әрбір адамда жоқ. Оқу барысында уақытты бекерге жоғалтпай, түрлі азғыруларға назар аудармай, білімін алып шығатын студент нәтижесінде жеңіске жетеді.

Жас проректорға сәттілік тілеген журналист
Гүлнара Қараша

Роза Қуанышева
«Miss Aqtobe 2024»
титулын жеңіп алды.
Роза
Zhubanov University
«Есеп және аудит»
мамандығының
2-курс студенті.



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

22 СТУДЕНТІ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА»

ҚОРЫНЫҢ ГРАНТ ИЕГЕРІ
АТАНДЫ

✓ New appointment

Бәсекеге қабілетті, сапалы мамандарды даярлау басты мақсатымыз болып қала бермек

Университеттегі негізгі білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етумен, оқу процесін ұйымдастыру және қолдаумен, білім беру мәселелері бойынша студенттерге ақпараттық-анықтамалық қызметтер көрсетумен, білім беру бағдарламаларының координаторларын, оқытушыларды және студенттерді әкімшілік басқарумен, оқу процесі мен студенттердің білім сапасын бақылауды жүзеге асырумен шұғылданатын факультет деканатының міндеті үлкен. Ал декан осы міндетті басқарушы және ұйымдастырушы тұлға. Жаңа оқу жылы Zhubanov University Тарих факультетінде жаңа деканның тағайындалуымен басталды.

Жаңа декан — Ақжүніс Абдуллина Ph.D., «Үздік оқытушы» номинациясының иегері.

Ақжүніс Ғафурқызын біз де құттықтап барып, алдағы жоспарларымен танысқан едік.

— Ақжүніс Ғафурқызы, жаңа оқу жыл сіз үшін үлкен жауапкершілік сезімімен басталды. Тарих факультетінің деканы қызметіне тағайындалдыңыз. Университет ректоры Лаура Қарабасова факультетке арнайы барып, алдағы еңбегіңізге сәттілік тіледі. Біздің де құттықтауымызды қабыл алыңыз. Еңбегіңіз нәтижелі істермен жалғассын!

— Құттықтауыңызға көп рақмет! Университет ректоры Лаура Чапайқызына және басшылық тарапына жаңа оқу жылында үлкен жауапкершілікті қажет ететін қызметті тапсырып, сенім білдіргендері үшін ерекше алғысымды білдіремін! Алдағы ұжымдағы бірлесе жасалатын еңбегіміз бұл сенімді ақтайды деп ойлаймын.

— Тарих факультеті — байырғы факультет. Мұнда жоғары академиялық білім алған жандар арасында белгілі тұлғалар көп. Ерлан Карин — ҚР Мемлекеттік кеңесшісі, Лаура Қарабасова — университет ректоры, т.б.

Бұл факультетте қызмет жасайтын оқытушы-профессор құрамының қажырлы педагогикалық, тәрбиелік еңбегінің көрінісі болар?

— Иә, тарих факультетінің тарихы тереңде жатыр. 1987 жылы Тарих-педагогика факультеті, кейін 1989 жылы «Тарих» мамандығы бойынша жоғары білікті кәсіп иелерін дайындауды қамтамасыз ету мақсатында Тарих факультеті болып құрылған. Содан бері өзіңіз айтқандай түлектеріміз арасынан еліміздің дамуына үлесін қосып келе жатқан белгілі тұлғалар шығып келеді. Факультеттегі профессор-оқытушылар құрамының басым бөлігінің еңбек өтілі көп, тәжірибелі ғалым-ұстаздар. Мектеп кезеңі немесе студенттік кезең болсын білім алушының үлгі тұтар ұстазы болады деп ойлаймын. Сондықтан да белгілі тұлғалардың қалыптасуына оқытушы-профессорлардың өзіндік ықпалы да болуы мүмкін, сонымен әр білім алушының өз еңбекқорлығы мен ізденім-

паздығы да ерекше орын алады деп ойлаймын.

— Сіздің еңбектегі табыстарыңыз ғылыми-зерттеу бағытымен байланысты деп білемін. Өйткені осы бағыттағы іс-шаралардан сізді көп көретінбіз. Ғылымдағы қол жеткізген нәтижелеріңіз жайлы айта отырсаңыз.

— 2005 жылы осы университетті аяқтап, диплом алғаннан кейін, География кафедрасына оқытушы болып қызметке орналастым. Мектеп қабырғасынан география пәніне деген қызығушылығым жоғары болған. Сондықтан бұл кафедрада жұмыс жасау мен үшін өте қызықты болды. Кейін 2007-2010 жж. декан орынбасары қызметін атқардым. Ғылым жолына түсу үшін география бойынша магистратура, кейін 2017-2020 жж. осы сала бойынша Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-да докторантураны сәтті аяқтап, 2021 жылы докторлық диссертациямды қорғадым. Менің ойымша диссертация қорғау ғалым болып қалыптасты дегенді білдірмейді, ол тек ғылым жолына жол ашатын дәліз тәрізді. Сондықтан да ғылым жолындағы әлі де нәтижелерге жету алдағы мақсаттарыма кіреді.

— Сізге дейін тарих факультетінің деканы қызметін тарих мамандары атқарған екен. Сізді география және туризм саласының маманы ретінде танымыз. Негізі қазір ең сұранысты кәсіптер ғой. Ілгерілей түсуіне декан ретінде септігіңіз тиетін болар.

— Мен өзім осы тарих факультетінің «Тарих және география» мамандығын аяқтаған түлегімін. Сондықтан факультеттің мен үшін орны ерекше деп айта аламын. Кейін еңбек жолым география саласы бойынша жалғасып, осы факультеттің География және туризм кафедрасына жұмысқа орналастым. Әрине факультетте тарих мамандары декан болған тұста да География және туризм кафедрасы өз бағыттары бойынша жұмыстарын жақсы жалғастыра алды, оған әрдайым



Ақжүніс
Абдуллина
Zhubanov
University
Тарих
факультетінің
деканы

қолдау болды. 1990 «Жалпы тарих және география» кафедрасының негізінде «Тарих және география» мамандығы ашылып, 1995 жылы бірінші түлектері шығарылды. 2004 жылы алғаш рет өз алдына «География» мамандығының ашылуына байланысты «Тарихты оқыту әдістемесі және география» кафедрасы құрылды. 2010 жылы алғаш «Туризм» мамандығы ашылып, 2018 жылы «География және туризм» кафедрасы болып атауы өзгерді. Қазіргі таңда География, Туризм білім бағдарламаларымен қатар, 2021 жылы заман талабына сай келетін Ландшафттық жобалау білім бағдарламасы ашылып, былтырғы оқу жылынан бастап студенттер білім алуда. Аталған білім бағдарламалары бойынша соңғы жылдары студенттер контингенті өсуде, қазір 44%-ды құрайды. География білім бағдарламасы бойынша кафедраның 4 оқытушысы докторантурада білімдерін жалғастыруда. Алдағы уақытта жаңа білім бағдарламалары бойынша сапалы, заман сұранысына сәйкес білім беру, практика базаларын нығайту, жұмысқа орналасу сияқты бағыттар басты назарда болады деп ойлаймын.

— Басында айттық, тарих факультеті өңірде танымал ака-

демиялық орта. Бренд оқытушыларының есімі ел аузында жүреді. Әрі қарай жаңаша дамыту жоспарын құрған боларсыз. Негізгі бағыттарымен бөлісе кетсеңіз.

— Өзіңіз жоғарыда айтқандай Тарих факультетінің қызметі университетімізде ерте бастау алған. Сондықтан да өзінің нәтижелі, қалыптасқан даму жолы бар деуге болады. Әрине университетіміздің стратегиялық даму жоспары шеңберінде жұмыс бағыттары жалғасатын болады. Қазақстан, соның ішінде Батыс өңірі үшін бәсекеге қабілетті, сапалы мамандарды даярлау басты мақсатымыз болып қала бермек. Қазіргі уақытта факультетімізде Тарих білім бағдарламасы бойынша бакалавриат, магистратура, докторантура бар. Тарих саласы бойынша біршама тұрақты ғылыми әлеуеті жоғары орта қалыптасқан. Жоғарыда География және туризм кафедрасының оқытушылары докторантурада оқып жатыр деп айтқан болатынмын. Алдағы уақытта География және туризм саласы бойынша да ғылыми ортаның қалыптасуы, бакалавриат-магистратура-докторантура бағыты бойынша жұмыстарды жандандыруды жоспарымызға алғымыз келеді.

Гүлнара Дауылбайқызы

✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news

5 ӨҢІРДЕ КАДРЛАРҒА ҚАЖЕТТІЛІК КАРТАСЫ ӘЗІРЛЕНГЕН

Zhubanov University ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен кадрларды алдын ала даярлау жүйесін құру мақсатында форсайт-сессиялардың ашылуын өткізді. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2029 жылға дейін халық табысын арттыру бағдарламасы аясындағы «Мамандығым — болашағым» жобасының шеңберінде жүзеге асырылып келеді.

Форсайт-сессияның ашылуында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек онлайн қатысып, қазіргі таңда 5 өңірде кадрларға қажеттілік картасы әзірленгенін атап өтті.

— Биыл 9 өңірлік карта жүзеге асуда. Ақтөбе облысы форсайттық зерттеулер жүргізетін алтыншы өңір болып табылады. Zhubanov University базасында аймақтық кеңсе орналасқан. «Мамандығым — болашағым» жобасы әр өңірдегі кадрлардың біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін дамытуға бағытталған. Жобаның мақсаты — еңбек нарығын сапалы болжау, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту, сондай-ақ оқушыларға кәсіптік бағдар беру жүйесін жетілдіру. Сонымен қатар өңірдің экономикалық құрылымына сәйкес кадрларды даярлау жүйесін нақтылау, — деді министр.

Ақтөбе өңірі үшін басым салалар ретінде мұнай-газ, тау-кен, металлургия, көлік және логистика, жаңартылған энергия көздері және су шаруашылығы таңдалды. Осы салалар бойынша мамандарға сапалы сұраныс қалыптастыру, облыс мектептері оқушыларына кәсіптік бағдар беру, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру бағдарламаларын талдау және жаңарту жоспарланған.

В 5 РЕГИОНАХ РАЗРАБОТАНА КАРТА ПОТРЕБНОСТИ В КАДРАХ

Zhubanov University при поддержке Министерства науки и высшего образования РК и акимата Актюбинской области провел открытие форсайт-сессий с целью создания системы предварительной подготовки кадров. Дан-



ный проект реализуется в рамках программы Правительства Республики Казахстан по повышению доходов населения до 2029 года и проекта «Мамандығым-болашағым».

На открытии Форсайт-сессии онлайн участие принял министр науки и высшего образования РК Саясат Нұрбек. Он отметил, что карта потребности в кадрах в настоящее время разработана в 5 регионах.

«В этом году реализуется 9 региональных карт. Актюбинская область является шестым регионом по проведению Форсайт-исследований. На базе Zhubanov University находится региональный офис. Проект «Мамандығым-болашағым» направлен на развитие эффективной системы повышения квалификации кадров в каждом регионе. Цель проекта — качественное прогнозирование рынка труда, разработка и обновление образовательных программ, а также совершенствование системы профориентации учащихся. Также уточнение системы подготовки кадров в соответствии с экономической структурой региона», — отметил министр.

В качестве приоритетных отраслей для Актюбинского региона были выбраны нефтегазовая, горнорудная, металлургическая, транспортная и логистическая, возобновляемые источники энергии и водное хозяйство.

Планируется формирование качественно-го спроса на специалистов в этих областях, профориентация учащихся школ области, а также анализ и обновление образовательных программ вузов и колледжей.

A MAP OF PERSONNEL NEEDS HAS BEEN DEVELOPED IN 5 REGIONS

Zhubanov University, with the support of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan and the Akimat of the Aktobe region, held the opening of foresight sessions with the aim of creating a system of preliminary training of personnel. This project is being implemented within the framework of the program of the Government of the Republic of Kazakhstan to increase incomes of the population until 2029 and the project "Profession is my future."

The Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Sayasat Nurbek, took part in the opening of the online Foresight session. He noted that the map of personnel needs has currently been developed in 5 regions.

"This year, 9 regional cards are being sold. Aktobe region is the sixth region to conduct Foresight research. A regional office is located at Zhubanov University. The "Mamandygym-bolashagym" project is aimed at developing an effective system for advanced training of personnel in each region. The goal of the project is to qualitatively forecast the labor market, develop and update educational programs, as well as improve the career guidance system for students. Also, clarification of the personnel training system in accordance with the economic structure of the region," the minister noted.

Oil and gas, mining, metallurgy, transport and logistics, renewable energy sources and water management were selected as priority industries for the Aktobe region. It is planned to create a high-quality demand for specialists in these areas, provide career guidance to students in schools in the region, as well as analyze and update the educational programs of universities and colleges.



✓ Басты жаңалықтар

✓ Главные новости

✓ Main news



ИНДОНЕЗИЯ МЕМЛЕКЕТІ ӘРІПТЕСТІК ОРНАТУҒА ДАЙЫН

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне Индонезия Елшілігінің өкілдері Firma Agustina, Agung Saputra и Sharifjhon Safariyon келді. Шетелдік қонақтар Батыс өңіріндегі ең ірі оқу орнымен әріптестік орнатуға дайын екендіктерін жеткізді, — деп хабарлады ЖОО Баспасөз қызметі.

Кездесу барысында индонезиялық делегация өкілдері өз елдеріндегі университеттер туралы, сондай-ақ үздік жоғары оқу орындары ұсына-тын білім беру және стипендиялық бағдарламалары туралы ақпаратпен бөлісті.

Шетелдік қонақтар қазақстандық студенттерге кең мүмкіндіктер ұсынуға ниетті. Делегация басшысы Firma Agustina Индонезия мемлекеті студенттер мен оқытушыларға тәжірибе алмасу мақсатында академиялық бағдарламаларға ашық екенін айтты.

Кездесуге қатысушылар екі ел арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықты дамыту жолдары талқылады.

Кездесуден соң индонезиялық қонақтар Zhubanov University студенттеріне қонақтық дәріс өткізді. Жас жұбановшылар Индонезия университеттері ұсынатын білім беру бағдарламаларының алуандығымен, тағылымдамадан өту және тәжірибе алмасу мүмкіндіктерімен танысты.

Бұл кездесу екі ел арасындағы жоғары білім беру бағытындағы ынтымақтастықты орнатудағы алғашқы қадам болды.

Ал жалпы Индонезия мен Қазақстан арасындағы екіжақты дипломатиялық қарым-қатынастар ресми түрде 1993 жылы орнатылды.

ИНДОНЕЗИЯ ГОТОВА К СОТРУДНИЧЕСТВУ

Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова посетили представители посольства Индонезии Firma Agustina, Agung Saputra и Sharifjhon Safariyon. Иностранные гости выразили готовность сотрудничать с крупнейшим учебным заведением Западного региона, — сообщили в пресс-службе вуза.

В ходе встречи представители индонезийской делегации поделились информацией об университетах в своих странах, а также об образовательных и стипендиальных программах, предлагаемых лучшими вузами.

Иностранные гости намерены предоставить казахстанским студентам широкие возможности. Глава делегации Firma Agustina заявил, что Индонезия открыта для академических программ с целью обмена опытом со студентами и преподавателями.

Участники встречи обсудили пути развития сотрудничества в сфере образования между двумя странами.

После встречи индонезийские гости провели гостевую лекцию для студентов Zhubanov University. Юные жубановцы ознакомились с разнообразием образовательных программ, предлагаемых университетами Индонезии, возможностями стажировки и обмена опытом.

Эта встреча стала первым шагом в налаживании сотрудничества в сфере высшего образования между двумя странами.

В целом, двусторонние дипломатические отношения между Индонезией и Казахстаном были официально установлены в 1993 году.

INDONESIA IS READY TO COOPERATE

Aktobe Regional University named after K.Zhubanov was visited by representatives of the Indonesian Embassy Firma Agustina, Agung Saputra and Sharifjhon Safariyon. Foreign guests expressed their readiness to cooperate with the largest educational institution in the Western region, the press service of the university reported.

During the meeting, representatives of the Indonesian delegation shared information about universities in their countries, as well as educational and scholarship programs offered by the best universities.

Foreign guests intend to provide Kazakhstani students with ample opportunities. The head of the Firma Agustina delegation said that Indonesia is open to academic programs to exchange experiences with students and teachers.

The meeting participants discussed ways to develop cooperation in the field of education between the two countries.

After the meeting, the Indonesian guests gave a guest lecture for Zhubanov University students. Young Zhubanov students got acquainted with the variety of educational programs offered by Indonesian universities, internship opportunities and experience exchange.

This meeting was the first step in establishing cooperation in the field of higher education between the two countries.

In general, bilateral diplomatic relations between Indonesia and Kazakhstan were officially established in 1993.

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

МЕГАГРАНТҚА ҒЫЛЫМИ ЗЕРТХАНАЛАР САЛЫНАДЫ

Zhubanov University ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінен 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми бағдарламаларды іске асыруға 3 млрд. теңге көлемінде мегагрант жеңіп алды.

"Бұл — Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, университет ғылымын жаңғыртуға және білім экономикасына көшуге жасалған маңызды қадамдардың бірі. Мегагрант бойынша табысты тәжірибелерді масштабтауға мүмкіндік беретін және ғылыми қызметтің негізі болатын академиялық артықшылық орталығы құрылады. Сондай-ақ мегагрант өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартатын техногендік қалдықтарды қайта өңдеудің жаңа технологияларын әзірлеуге бағытталатын болады.

Жоба аясында техногендік шаңның құрамы мен белсенділігін зерттеу, техногендік қалдықтарды пайдалана отырып, эпоксидті шайырлардың физика-механикалық қасиеттерін жақсарту, Ақтөбеде ағынды суларды тазартудың жоғары стандарттарына қол жеткізу және академиялық артықшылық элементтері бар ғылыми-технологиялық орталық құру жоспарлануда.

Бастамаға Zhubanov University, Ж.Әбішев атындағы химия-металлургия институты және "QazMagnoChromite" ЖШС қатысады.


Айта кетейік, осы бағдарлама аясында Zhubanov University өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, металлургия, материалтану және экология бойынша заманауи ғылыми зертханалар құруды жоспарлап отыр, — деп жазылған университеттің Баспасөз қызметі хабарламасында.

ЗА МЕГАГРАНТ ПОСТРОЯТ НАУЧНЫЕ ЛАБОРАТОРИИ

3 млрд. тенге получил Zhubanov University от Комитета науки Министерства науки и высшего образования РК. Региональный вуз выиграл мегагрант на реализацию научных программ на 2024-2026 годы.

"Как отметил Президент Касым-Жомарт Тоқаев, это один из важных шагов к модернизации университетской науки и переходу к экономике образования. Будет создан Центр академического превосходства, который позволит масштабировать успешные практики по мегагранту и станет основой научной деятельности. Также мегагрант будет направлен на разработку новых технологий переработки техногенных отходов, улучшающих экологическую ситуацию в регионе.

В рамках проекта планируется изучение состава и активности техногенной пыли, улучшение физико-механических свойств эпоксидных смол с использованием техногенных отходов, достижение высоких стандартов очистки сточных вод в Актобе и



ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒАЛЫМДАРЫ МЕГАГРАНТ ЖЕҢІП АЛДЫ

создание научно-технологического центра с элементами академического преимущества.

В инициативе примут участие Zhubanov University, Химико-металлургический институт им.Ж. Абишева и ТОО "QazMagnoChromite".

Отметим, что в рамках этой программы Zhubanov University планирует создать современные научные лаборатории по металлургии, материаловедению и экологии с учетом региональных особенностей, — говорится в сообщении пресс-службы университета.

SCIENTIFIC LABORATORIES WILL BE BUILT FOR A MEGA-GRANT

Zhubanov University received 3 billion tenge from the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. The regional university won a mega-grant for the implementation of scientific programs for 2024-2026.

"As President Kassym-Jomart Tokayev noted, this is one of the important steps towards the modernization of university science

and the transition to the economics of education. A Center for Academic Excellence will be created, which will allow scaling up successful practices under the mega-grant and will become the basis of scientific activity. The mega-grant will also be aimed at developing new technologies for processing technogenic waste that improve the environmental situation in the region.

The project plans to study the composition and activity of technogenic dust, improve the physical and mechanical properties of epoxy resins using technogenic waste, achieve high standards of wastewater treatment in Akto-be and create a scientific and technological center with elements of academic excellence.

The initiative will be attended by Zhubanov University, Chemical and Metallurgical Institute named after Zh. Abishev and QazMagnoChromite LLP.

It should be noted that within the framework of this program, Zhubanov University plans to create modern scientific laboratories in metallurgy, materials science and ecology, taking into account regional characteristics, the university press service said in a statement.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

Послание открывает учебный год



Уже несколько лет подряд традиционно Послание президента открывает учебный год. Отмечу, что в 2022 году Послание главы государства дало старт открытию кампуса британского университета Хериот-Уотт на базе АРУ им.Жубанова. Данный проект предполагает долгосрочное сотрудничество со старейшим техническим вузом не только по подготовке кадров, следующим этапом намечена трансформация из регионального вуза в исследовательский. Действительно, по опыту с Хериот-Уотт, мы меняем содержание образовательных программ, стиль преподавания, работу приемной кампании и подразделений по работе со студентами. Расширяется география поступающих абитуриентов. В этом учебном году к нам поступили не только талантливые студенты из различных регионов Казахстана, но и из других стран, что значительно усиливает интернационализацию учебного процесса и студентоориентированность в нашем вузе.

В своём сегодняшнем Послании Касым-Жомарт Токаев, как и в прошлые годы, уделил особое внимание интернационализации высшего образования. Глава государства поручил оказывать всяческое содействие и поддержку деятельности кампусов зарубежных вузов.

Ключевой мыслью в Послании президента является повышение кадрового потенциала страны. А также в приоритетных задачах, чтобы Казахстан стал государством, где широко применяется искусственный интеллект, и развиваются цифровые технологии. В следующем году в Астане поручено запустить Национальный центр искусственного интеллекта, который будет открыт для школьников, студентов, исследователей и предпринимателей.

Особенно глава государства акцентировал внимание на подготовку специ-

алистов по профессиям будущего. Согласно поручению президента, мы также устанавливаем долгосрочное сотрудничество с международным научным сообществом, опираясь на сильнейшую исследовательскую базу университета Хериот-Уотт. Данное партнерство охватывает ключевые направления, такие как электроэнергетика, нефтяная и компьютерная инженерия, что создает условия для повышения конкурентоспособности наших выпускников на международной арене.

В целом, Послание президента отражает стратегию, направленную на создание качественной, образовательной системы, которая способна отвечать на вызовы времени и потребностям современного общества.

Лаура Карабасова
Ректор Zhubanov University



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26ВРУ00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жубанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор
Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айгерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана